ЖАМБЫЛ Спорты

## АЛАҢДА – СПОРТ МЕКЕМЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

# ІС-ШАРАҒА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ БЕКБОЛАТ ОРЫНБЕКОВ ҚАТЫСТЫ

Спорт күні кәсіби мерекесіне орай «Тараз - Арена» спорт кешенінде спорт мекемелері қызметкерлері арасында спартакиада өтті. Іс-шараға облыс әкімінің бірінші орынбасары Бекболат Орынбеков қатысып, сөз сөйледі. Ол бүгінгі таңда Мемлекет басшысының және облыс әкімінің қолдауымен кәсіби спортқа да, бұқаралық спортқа да кең қолдау көрсетіліп отырғанын, биылғы жылдың өзінде өңірімізде 26 жаңа спорт алаңдары пайдалануға берілгенін, Зұлфия Ғабидуллина, Елдос Сметов, Бейбіт Ыстыбаев мақтанышымыз екенін айта келіп, жарысқа сәттілік тіледі. Мұнан кейін спорт саласы бойынша облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жаныс Әшімов, ҚР кәсіподақтар федерациясы мәдениет, спорт, ақпарат қызметкерлері кәсіподағы облыстық филиалының төрайымы Жанна Алшынбаева спортшыларға жылы лебіз білдірді.

Мұнан кейін бірқатар спорт саласы қызметкерлері кәсіби мерекелеріне орай марапатталды. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын облыс әкімінің бірінші орынбасары Бекболат Орынбеков тапсырды. Сондай-ақ, бірқатар қызметкерлер , ҚР кәсіподақтар федерациясы мәдениет, спорт, ақпарат қызметкерлері кәсіподағы облыстық филиалы төрайымының, облыс әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының Құрмет грамота, Алғыс хаттарымен марапатталды.

Бұл спорт додасына өңіріміздегі 22 спорт мекемесінен 500-ге жуық қызметкер қатысты. Спартакиада спорттың кіші футбол, жеңіл атлетика, арқан тарту, жүзу, қол күресі, гір тасын көтеру түрлері бойынша өтіп, кешке дейін «Тараз -аренаны» мереке алаңына айналдырды. Нәтижесінде ерлер арасында қол күресінен жоғарғы спорт мектебінің өкілі Жандос Талғат жеңімпаз атанса, екінші жүлде №2 мамандандырылған балалар - жасөспірімдер спорт мектебінен қатысушы Александр Радченко екінші, меркілік Аман Садыков үшінші орыннан көрінді. Әйелдер арасында жоғарғы спорт мектебінің қызметкері Диана Трубкина білек күшінің мықтылығын байқатып, барлық қарсыласын қапы қалдырды. №2 спорт мектебінің өкілі Оксана Письменнаяға екінші, «Жекпе – жек» кәсіпқой клубының маманы Зухра Бейсейітоваға үшінші жүлде бұйырды. Гір тасын көтеруде №2 мамандандырылған балалар - жасөспірімдер спорт мектебінің маманы Виталий Трубинге қарсылас шақ келген жоқ. «Әулие - Ата» спорт клубынан Данияр Смайлов екінші жүлдеге қол жеткізсе, қордайлық Ирза Алиев үшінші жүлдені қанағат тұтты. Арқан тарту кезеңінде де жоғарғы спорт шеберлігі мектебі шын мықты екенін дәлелдеді. Олар шешуші кезеңде байзақтықтарды ұтса, «Әулие - Ата» спорт клубы үздік үштікті түйіндеді. Жүзу спорты бойынша ерлер арасында №4 мамандандырылған балалар - жасөспірімдер спорт мектебінің өкілі Егор Рязин чемпион атанса, «Тараз - Арена» спорт кешенінің қызметкері Ерік Мелдешов екінші, жуалылық Асхат Артықов үшінші орыннан көріне білді. Әйелдер арасында №4 спорт мектебінен қатысушы Кристина Рябичева жеңістің биік тұғырына көтерілсе, Олимпиада жеткіншектерін даярлау орталығының маманы Алуа Дүйсеноваға екінші, құландық Светлана Скребецке үшінші жүлде бұйырды. Кіші футбол аламанында Жуалы ауданы шеберліктерімен танылды. Олар финалда байзақтықтарды ұтып, чемпион атанды. Жүлделі үшінші орын Жамбыл ауданының құрамасына берілді. Жеңіл атлетика (эстафета) спорты бойынша «Жекпе -жек» кәсіпқой клубы жеңімпаз атанса, екінші жүлде №4 мамандандырылған балалар - жасөспірімдер спорт мектебінің қызметкерлеріне бұйырды. №2 мамандандырылған балалар - жасөспірімдер спорт мектебі жеңдамақтары үшінші жүлдені қанағат тұтты.

Командалық есепте облыстық жоғарғы спорт шеберлігі мектебінің ұжымы спартакиада жеңімпазы атанса, №4 мамандандырылған балалар - жасөспірімдер спорт мектебі екінші, №2 мамандандырылған балалар - жасөспірімдер спорт мектебі үшінші жүлдеге қол жеткізді. Спартакиаданы облыс әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбол Жүнісбеков, спорт саласы бойынша облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жаныс Әшімов қорытындылап, жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін медаль, диплом және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

**Есет ДОСАЛЫ**


**«ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ 2019 ЖЫЛҒЫ 10 ТАМЫЗДА №26 (503) ГАЗЕТ БЕТІНЕ ШЫҚҚАН ХАБАРЛАМАҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛЕТІНДІГІН ХАБАРЛАЙДЫ**

Тендерді өткізу күні: **2019 жылғы 25 қыркүйек, сағ 11.00** болып өзгертілді.
Сенімгерлік басқару мерзімі 5 жыл болып өзгертілді.
Тендер шарттары төмендегідей болып өзгертілді:

1. Сенімгерлік басқару мерзімінде қызмет жасау бейінін сақтау;

17. Тәлімбақта жұмысшыларға арналған нысандар салу. Орындау мерзімі – 2024 жыл.
18. Серіктестікті жаңа техникамен қамтамасыз ету, оның ішінде:

| | | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|---|---|---|

